

"Шығыс Қазақстан облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 35/404-VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2025 жылғы 9 сәуірдегі № 20/170-VIII шешімі

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Шығыс Қазақстан облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 35/404-VI шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6454 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Шығыс Қазақстан облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының төрағасы

Д. Рыпаков

Шығыс Қазақстан
облыстық мәслихатының
2025 жылғы 9 сәуірдегі
№ 20/170-VIII шешіміне қосымша
Шығыс Қазақстан
облыстық мәслихатының
2019 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 35/404-VI шешіміне қосымша

Шығыс Қазақстан облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Шығыс Қазақстан облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 1-16) тармақшасына сәйкес өзірленді және жерлеу мен зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың тәртібін айқындайды.

Зират қорымдарын күтіп ұстauға және пайдалануға, қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеуді және қайта жерлеуді үйымдастыруға, сондай-ақ

жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № ҚР ДСМ-81 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24066 болып тіркелген) бекітілген санитариялық қағидаларында айқындалады.

Зират қорымдарын жобалау қағидаттарын айқындау және оларды күтіп ұстауға, жерлеу ісін, жерлеу салт-жорасын (адамның сүйектерін немесе құлін жерлеу рәсімін) ұйымдастыру тәртібіне, сондай-ақ жерлеу орындарын күтіп ұстауға және Қазақстан Республикасындағы жерлеу ісі мәселелері жөніндегі мамандандырылған қызметтердің жұмысына ұсынымдар "Қазақстан Республикасының Зираттарды жобалау және күтіп ұстай" қағидалар жинағымен" (ҚР ҚЖ 3.02-141-2014) айқындалады.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі (бұдан әрі – тіркеуші орган) – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді және азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуге байланысты мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлерін жүзеге асыратын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы;

2) жерлеу – санитариялық, табиғатты қорғау, қала құрылышы және өзге де қағидалар мен нормаларға қайшы келмейтін, марқұмның тілегіне, діни сеніміне, әдет-ғұрпына және дәстүрлеріне сәйкес қайтыс болған адамның денесін (сүйегін) жерге (қабірге, лақатқа) жерлеу немесе құлі бар урнаны қабірге, саганаға жерлеумен отқа жағу (кремациялау) жөніндегі салт-жора әрекеттері;

3) зират (қабір) – қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін жерлеу орны;

4) зират қорымы – қайтыс болған адамдарды немесе олардың қалдықтарын жерлеу үшін арнайы бөлінген аумақ;

5) зират қорымының әкімшілігі – зират қорымын ұстau және пайдалану жөніндегі ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлға.

2-тaraу. Жерлеудің және зираттарды күтіп-ұстau ісін ұйымдастырудың тәртібі

3. Жергілікті атқарушы органдар зират қорымдары орналасқан және оларға арналған ортақ пайдаланудағы жерден елді мекеннің қайтыс болған әрбір тұрғынын немесе осы елді мекенде қайтыс болған тұрғылықты жері белгісіз адамды жерлеу үшін кемінде алты шаршы метр жер участкесін тегін бөледі.

Зират қорымының аумағы зираттарға арналған қатарларға бөлінетін участкелерден тұрады және оған автомобиль көлігіне арналған журу жолдары мен зират участкелеріне өтетін жолдар салынады.

Ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі:

зиратқа арналған жер участекелерін есепке алу деректерін (мәліметтерін) жинақтауды және тіркеуді үйымдастырады;

жерлеу, зират қорымдарын күтіп ұстай және оларға қызмет көрсету жөніндегі шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 12 шілдедегі № 252/НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33106 болып тіркелген) жария кадастрық картада зират қорымының бос емес және бос участекелері бойынша өзекті ақпаратты орналастырады.

Облыстық маңызы бар қаланың, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі зираттарға арналған жер участекелерін есепке алуды және тіркеуді есепке алу журналдарының негізінде жүргізеді.

4. Жерлеу зират қорымының әкімшілігіне қайтыс болуды тіркеуді жүзеге асыратын тіркеуші орган берген қайтыс болу туралы куәлікті және (немесе) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 045/у нысаны бойынша қайтыс болу туралы медициналық куәлікті не "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алған қайтыс болу туралы хабарламаны ұсынғаннан кейін зират қорымының аумағында жүргізіледі.

5. Жерлеу зират қорымы әкімшілігі жүргіzetін есепке алу журналында тіркеледі.

6. Есепке алу журналында мынадай мәліметтер қамтылады:

жерлеу жылы, айы, күні;

зираттың (қабірдің) нөмірі;

қайтыс болған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

туған және қайтыс болған күні;

өлімнің себебі;

"Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алған қайтыс болу туралы куәліктің немесе хабарламаның нөмірі, күні және кімнің бергені;

марқұмның жақын туыстарының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда), жеке басын куәландаратын құжаттың берілген күні мен нөмірі, мекенжайы, туыстары болмаған жағдайда, жерлеуді жүргізген адамның мекенжайы не жерлеуді жүргізген үйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы.

7. Жақын туыстарының, сондай-ақ жұбайының (зайыбының) жазбаша өтініші бойынша жергілікті атқарушы органға қайтыс болған адаммен жақын туыстығын растайтын құжаттарды ұсынған кезде қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін

бұрын қайтыс болған жақын туысының жанында жерлеу көрсетілген жерлеу орнында бос жер участесі немесе бұрын қайтыс болған жақын туысының зираты болған кезде қамтамасыз етіледі.

8. Сот-медициналық зерттеуден кейін мәйітханада жүрген қайтыс болған адамдардың табылған мәйіттерін немесе олардың сүйектерін, суға кеткендерді, үйден тыс жерде кенеттен қайтыс болғандарды жерлеу рәсімін ұйымдастыруды өзіне алуы мүмкін туыстары немесе адамдар мен мекемелер болмаған кезде қайтыс болу фактісі тіркелгеннен кейін жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі.

9. Туыссыз адамдарды жерлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

10. Мынадай:

зират қорымын немесе оның участесін мерзімінен бұрын жою;

сүйектерді Қазақстан Республикасының басқа жерлеріне немесе одан тыс жерлерге қайта жерлеу үшін жекелеген зираттардан тасымалдау жағдайларын қоспағанда, жұмыс істеп тұрған және жабық зират қорымдарында сүйектерді қайта жерлеуге рұқсат етілмейді.

Қайтыс болған адамдарда аса қауіпті инфекциялық ауру (куйдіргі, конго-қырым геморрагиялық қызбасы) болмаған жағдайда жерленген сәтінен бастап алғашқы екі апта ішінде кейіннен үш жылдан ерте емес, құмдауыт жерлерде бір жылдан ерте емес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның келісімі бойынша сүйектерді қайта жерлеуге жол беріледі.

11. Қабірлерді жобалау және салу:

қабірлердің участекелері арасындағы қашықтық ұзын жақтары бойынша кемінде 1 метрді, ал қысқа жақтары бойынша кемінде 0,5 метрді құрайды;

қабірдің терендігі топырақтың сипатына және топырақ асты суларының деңгейіне байланысты белгіленеді және жер бетінен табыттың қақпағына (бар болған жағдайда) дейін кемінде 1,5 метрді құрайды. Барлық жағдайларда қабірге арналған белгі жер асты суларының деңгейінен 0,5 метрге жоғары болады;

аса қауіпті инфекциялардан қайтыс болғандар үшін қабірдің терендігі 2 метр деңгейінде белгіленеді, бұл ретте түбіне кемінде 10 сантиметр қабатпен хлорлы эк салынады;

әрбір қабірдің жер бетінен 0,5 метрге биік үймесі (бұдан әрі – қабір үсті төмпешігі) болады. Қабір үсті төмпешігі қабірді атмосфера суларынан қорғау үшін оның шеттерін жауып тұруы тиіс.

12. Жерлеу орындарын абаттандыру және оларды күтіп-ұстай:

Жерлеуге бөлінген участекенің шекарасында:

табиғи тастан немесе бетоннан жасалған қабір үсті ескерткіштер мен құрылыштар, ғұлзарлар мен орындықтар орнатуға;

қабір басында ғұл, кейіннен қырқылып отырылатын сәндік бұтадан қоршау отырғызуға жол беріледі.

Зираттарды одан әрі күтіп-ұструды жақын туысы тиісті тәртіппен қамтамасыз етеді.

Ескерткіштер мен құрылыштарды орналастыруға, ұстелдерді, орындықтарды және құрылыштарды жерлеу участекесінен тыс жерлерде орналастыруға жол берілмейді.

Зират қорымдарын (өтпе жолдар, соқпақтар, гүлбақтар, көгалдар, көріздік, электрлік және су құбыры желілері және құрылыштар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті тәртіппен жергілікті атқарушы органдар күтіп ұстайды.

13. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы мен зират қорымының әкімшілігі арасында жерлеуге, зират қорымдарын күтіп ұстуға және оларға қызмет көрсетуге шарт жасасу жүргізілетін конкурс қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

14. Зират қорымының әкімшілігі мыналарды:

1) азаматтарға жерлеу қызметтерін көрсету тәртібі туралы, оның ішінде зират қорымы аумағындағы стендтерде ақпарат орналастыра отырып, толық ақпарат беруді;

2) қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу үшін зираттарды уақтылы дайындауды;

3) жерлеу үшін әрбір жер участекесін бөліп берудің белгіленген нормасын және зираттарды дайындау қағидаларын сақтауды;

4) ғимараттарды, инженерлік жабдықтарды, зират қорымының аумағын, қоршауды, жарықтандыруды жарамды күйде ұстайды;

5) жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарды және шаруашылық мақсаттағы басқа да участекелерді жүйелі түрде жинауды, сумен жабдықтау желілеріне қызмет көрсетуді, зираттың бүкіл аумағындағы жасыл екпелерді күтіп-ұструды, жолдарды ағымдағы жөндеуді және қоқысты уақтылы шығаруды қоса алғанда, зираттарды күтіп-ұстайды жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуын бақылауды;

6) азаматтарға жерлеу орнын күтіп-багу үшін мүкәммалды жалға беруді;

7) жерлеу қызметтерінің өзге де субъектілеріне тең қолжетімділікті ұсынуды қамтамасыз етеді.